



**БЕКІТЕМІН**  
**«ОҚМА» АҚ ректоры**  
**Ж.Сейтжанова**  
**2026 ж.**

**«START-UP ОҚМА» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**  
**Е 474-2026**


Мерзімі	Көшірме	Басылым
		Үшінші

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 2 беті	

**1. «ОҚМА» АҚ Жобаларды басқару және коммерцияландыру офісі  
 ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**


**2. «ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ**

Тексеру кезеңі – 3 жыл

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 3 беті	

## МАЗМҰНЫ


1.	Нормативтік сілтемелер .....	4
2.	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар .....	5
3.	Жалпы ережелер .....	6
4.	«START-UP ОҚМА» анықтамасы мен қызметі .....	7
5.	«START-UP ОҚМА» негізгі мақсаттары мен міндеттері .....	8
6.	Құқықтары мен міндеттері .....	8
7.	Жауапкершілігі.....	9
8.	Конкурс жүргізу ережесі .....	10
9.	Жеңімпаздарды таңдау және анықтау критерийлері. Сөз сөйлеу ережелері .....	11
10.	Ұйымдастыру комитеті .....	11
11.	Сараптамалық кеңес .....	11
12.	А ҚОСЫМШАСЫ.....	14

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 4 беті	

## 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж., №319;
- Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы, 01.07.2024 ж., № 103-VIII ;
- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, 29.10.2015 ж., №375-V;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), 27.12.1994 ж., №268-XIII;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 01.07.1999 ж., №409-I;
- Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы, 10.06.1996 ж., №6-I;
- ҚР Үкіметі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі шығаратын білім және білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілер;
- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;
- СТ ҚР 9001:2016 Сапа менеджменті жүйесінің стандарттары;
- СТ 004-2024 Сапа менеджменті жүйесінің стандарттары. Қызметті реттеуді басқару;
- СТ 002-2024 Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;
- СТ 021-2024 Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер;
- СТ 022-2024 Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару;
- СТ 008-2024 Сапа саласында тәуекелдерді басқару;
- СТ-011-2024 Персоналды басқару стандарты;
- СТ 012-2025 Профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары.
- Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің жұмыс жоспары;
- «ОҚМА» АҚ Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің Ережесі ҚЕ 87-2026;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже		Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 5 беті

## 2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

2.1. Осы Ережеде келесідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.


Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

Start-up – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға, инновациялар әзірлеуге бағытталған коммерциялық жоба.

Қолданбалы ғылыми зерттеулер- практикалық мақсаттарға жету және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және қолдануға бағытталған іс-шаралар.

Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар – жаңа өнімді, технологияны немесе техникалық шешімді жасау, жетілдіру және өндіріске енгізу мақсатында жүргізілетін жобалау, құрастыру, сынақтан өткізу және жетілдіру кезеңдерін қамтитын ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік қызмет түрі.

Стартапқа грант – инновациялық идеяларды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық нәтижелерді коммерцияландыруға бағытталған стартап жобаларын іске асыру үшін қайтарымсыз негізде берілетін қаржылық қолдау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 6 беті	

Инвестор – пайда табу немесе белгілі бір әлеуметтік, инновациялық, не стратегиялық мақсаттарға жету үшін өз қаражатын, мүлкін немесе өзге де активтерін жобаларға, кәсіпорындарға немесе басқа нысандарға салатын жеке немесе заңды тұлға.

Грант иеленуші– Стартап конкурсының жеңімпазы, жоба жетекшісі болып табылатын және ғылыми немесе ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру арқылы іске асыруға арналған үлгілік шартқа қол қойған тұлға.

Конкурс – «START-UP ОҚМА» конкурсы

2.2 Қысқартулар

ҰК – ұйымдастырушы комитет,

СК – сараптамалық кеңес,

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы,

ЖООКББҰ – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары,

ЖОО – Жоғары оқу орны, яғни жоғары білім беретін ұйым (университет, академия, институт және т.б.).


### **3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1. Осы Ереже «ОҚМА» АҚ-да өткізілетін «START-UP ОҚМА» (әрі қарай – Конкурс) конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды. «START-UP ОҚМА» жобалар конкурсының ұйымдастырушысы «ОҚМА» АҚ. Конкурс білім алушылардың, жас ғалымдардың және «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің инновациялық, ғылыми-зерттеу және кәсіпкерлік бастамаларын қолдау мақсатында өткізіледі. Конкурсқа «ОҚМА» АҚ студенттері, интерндері, резиденттері, магистранттары, докторанттары, жас ғалымдары мен қызметкерлері, сондай-ақ басқа жоғары оқу орындарының білім алушылары қатыса алады. Конкурсқа ұсынылатын жобалар инновациялық сипатқа ие болуы, ғылыми немесе тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленуі және болашақта коммерцияландыру мүмкіндігін қамтуы тиіс. Конкурс бірнеше кезең бойынша өткізіледі және қатысушылардың өтінімдері сараптамалық кеңес мүшелерімен бағаланады.

3.2. Конкурс ашықтық және әділдік, академиялық адалдық сонымен қатар тең мүмкіндік және объективті бағалау қағидаттары негізінде өткізіледі.

3.3. Конкурсты ұйымдастыру және үйлестіру Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисімен жүзеге асырылады.

3.4. Конкурс барысында жасанды интеллект технологияларын және цифрлық шешімдерді пайдалану кезінде қатысушылар ақпараттық қауіпсіздік, этика және академиялық адалдық талаптарын сақтауы тиіс.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА» Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 7 беті

3.5. Конкурс жеңімпаздары дипломдармен, сертификаттармен, гранттармен немесе өзге де қолдау түрлерімен марапатталуы мүмкін.

#### **4. «START-UP ОҚМА» АНЫҚТАМАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**


4.1. «START-UP ОҚМА» конкурсы – білім алушылардың, жас ғалымдардың және қызметкерлердің инновациялық идеяларын, ғылыми-зерттеу және кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға арналған алаң болып табылады.

4.2. Конкурс ғылыми және тәжірибеге бағытталған жобаларды әзірлеуге, оларды қолдауға және коммерцияландыруға бағытталған.

4.3. Конкурстың мәні студенттердің, магистранттардың, резиденттердің, докторанттар мен «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің бірегей, ғылымды қажет ететін және коммерциялық-перспективалы Start-Up жобасын құру болып табылады.

4.4. Конкурс төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- инновациялық және стартап жобаларды қабылдау және іріктеу;
- қатысушыларға жобаларын әзірлеу және жетілдіру бойынша әдістемелік қолдау көрсету;
- жобаларды сараптамалық бағалау және тәуелсіз комиссия арқылы қарау;
- үздік стартап идеяларды анықтау және қолдау;
- жобаларды акселерация және инкубация бағдарламаларына ұсыну;
- кәсіпкерлік және инновациялық дағдыларды дамытуға бағытталған тренингтер, семинарлар және мастер-класстар ұйымдастыру;
- ғылым, білім және бизнес арасындағы өзара байланысты нығайтуға ықпал ету.
- инновациялық және ғылыми жобаларды анықтау және қолдау;
- білім алушылар мен жас ғалымдардың кәсіпкерлік белсенділігін арттыру;
- ғылыми-зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізуге ықпал ету;
- Start-Up жобаларды әзірлеу және іске асыру дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми идеяларды коммерцияландыруға жағдай жасау;
- қатысушылардың шығармашылық, аналитикалық және жобалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- ғылым, білім және бизнес арасындағы байланысты нығайту;
- инвесторлар мен сарапшыларды тарта отырып, перспективалы жобаларды қолдау;
- командалық жұмыс, көшбасшылық және жобаларды басқару дағдыларын дамыту;
- академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 8 беті	

– жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтау.

## **5. «START-UP ОҚМА» НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

5.1. Конкурстың негізгі мақсаты – ғылыми және тәжірибелік маңызы бар Start-Up жобаларды анықтау, қолдау және оларды коммерцияландыруға жағдай жасау. Конкурс «ОҚМА» АҚ білім алушылары мен қызметкерлерінің кәсіпкерлік және инновациялық қызметін дамыту мақсатында өткізіледі. «ОҚМА» АҚ стратегиялық даму бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес студенттердің, магистранттардың, резиденттердің, докторанттардың, қызметкерлердің кәсіпкерлік және ғылыми қызметтегі белсенділігін арттыруға жәрдемдесу.

Білім алушылар, «ОҚМА» АҚ қызметкерлері, басқа ЖООКББҰ, бизнес қауымдастықтар мен қоғамдық ұйымдар арасында өзара байланысты дамыту және тұлғааралық өзара іс-қимыл нысандарын кеңейту.

5.2. Конкурс қатысушылары академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға, өзара және оқытушылармен қарым-қатынаста сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануға міндетті.


5.3. Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану барысында белгіленген ішкі ережелерді сақтауға, оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты түрде пайдалануға міндетті.

5.4. Конкурс аясында жүзеге асырылатын міндеттер:

- Start-Up жобаларды әзірлеу және іске асыру дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми идеяларды коммерцияландыруға жағдай жасау;
- қатысушылардың шығармашылық, аналитикалық және жобалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- ғылым, білім және бизнес арасындағы байланысты нығайту;
- инвесторлар мен сарапшыларды тарта отырып, перспективалы жобаларды қолдау;
- командалық жұмыс, көшбасшылық және жобаларды басқару дағдыларын дамыту;
- академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтау.

## **6. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

6.1. Конкурс қатысушылары мен білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 9 беті	

6.2. Конкурс қатысушылары жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

6.3. Конкурсқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері:

6.3.1. Конкурсқа қатысушылар құқылы:

- конкурс туралы толық және нақты ақпарат алуға;
- конкурсқа өз жобаларын ұсынуға;
- конкурс шарттарына сәйкес тең дәрежеде қатысуға;
- жобаны таныстыру барысында өз идеяларын еркін қорғауға;
- сараптамалық кеңес мүшелерінен ұсыныстар мен түсіндірмелер алуға;
- конкурс нәтижелерімен танысуға;
- конкурс ұйымдастырушылары тарапынан әдістемелік және консультациялық көмек алуға.

6.3.2. Конкурсқа қатысушылар міндетті:

- осы Ереженің талаптарын сақтауға;
- конкурсқа ұсынылған ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге;
- академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға;
- өз жобаларын белгіленген мерзімде ұсынуға;
- конкурс кезеңдеріне уақтылы қатысуға;
- презентация және өзге де материалдарды белгіленген талаптарға сәйкес дайындауға;
- жасанды интеллект технологияларын қолдану кезінде қауіпсіздік, этика және академиялық адалдық талаптарын сақтауға;
- конкурс барысында ұйымдастыру комитеті мен сараптамалық кеңестің талаптарын орындауға міндетті.


## 7. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Конкурс қатысушылары жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

7.2. Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

7.3. Конкурс қатысушылары жауапты:

- конкурс ережелерін және ұйымдастыру талаптарын сақтауға;
- ұсынылған ақпараттың және жобаның дұрыстығына;
- академиялық адалдық қағидаларын сақтауға (плагиатқа жол бермеу);

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 10 беті	

- авторлық құқықты бұзбауға және үшінші тұлғалардың материалдарын заңсыз пайдаланбауға;
- жасанды интеллект және басқа цифрлық құралдарды қолданған жағдайда алынған нәтижелерді дұрыс тексеруге;
- құпия ақпаратты және деректерді қорғау талаптарын сақтауға;
- жобаны қорғау және таныстыру кезінде толық және дұрыс ақпарат беруге;
- конкурс нәтижелеріне әсер ететін бұрмалау немесе алаяқтық әрекеттерге жол бермеуге.

## **8. КОНКУРС ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

8.1. Конкурс жобаларды басқару және коммерцияландыру офисімен ұйымдастырылады және өткізіледі. Конкурс туралы ақпарат, өткізу мерзімдері, шарттары, талаптары мен кезеңдері «ОҚМА» АҚ-ның ресми платформаларында жарияланады.

8.2. Конкурсқа студенттер, магистранттар, докторанттар, резиденттер, жас ғалымдар және «ОҚМА» АҚ қызметкерлері жасы шектеусіз қатыса алады. Бір командадағы қатысушылар саны 5 адамнан аспауы тиіс.

8.3. Әрбір студент және/немесе қызметкер бір уақытта тек бір команда құрамында ғана қатыса алады.

8.4. Команда жобаның орындалуы бойынша белгіленген мерзімдерге сәйкес аралық және қорытынды есептерді ұсынуға міндетті. Есептік құжаттарда жобаның орындалу барысы, алынған нәтижелер және әрбір қатысушының үлесі көрсетілуі тиіс.

8.5. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ оны қаржыландыру «ОҚМА» АҚ-ның меншікті қаражаты және тартылған инвесторлардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8.6. Конкурстың мерзімі, өткізу шарттары және өзге де талаптары жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі әзірлейтін және «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітілетін конкурс талаптарына сәйкес айқындалады.


8.7. Конкурсты өткізу келесі кезеңдерден тұрады:

I кезең – конкурс өтінімдерін қабылдау және өтінімдерге Офис тарапынан бастапқы техникалық сараптама жүргізу;

II кезең – бастапқы техникалық сараптамадан өткен конкурс өтінімдерін сараптамалық кеңес мүшелерінің бағалауы;

III кезең – сарапшылардың тәуелсіз бағалауы нәтижесінде жоғары балл жинаған жобаларды қарастыру, конкурс жеңімпаздарын анықтау, гранттарды бөлу және қаржыландыру тәртібін бекіту.

8.8. Конкурс жеңімпаздарына Start-Up жобаларын одан әрі дамыту мақсатында гранттар мен инвесторларды тартуға ұйымдастырушылық және консультациялық қолдау көрсетеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 11 беті	

## **9. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ. СӨЗ СӨЙЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### 9.1 Ішкі іріктеу критерийлері:

- идеяның өзіндік ерекшелігі/жаңашылдығы;
- тұжырымдама мен жоба жоспарын жасау сапасы;
- ойластырылған бизнес-жоспар;
- жобаның табыстылығын генерациялау әлеуеті;
- ұжымның міндеттері мен жұмыстарын бөлу.

9.2. Жоба идеясын визуализациялау үшін мыналарды пайдалануға рұқсат етіледі: презентация (ең көбі 10 слайд, PowerPoint форматында), ұзақтығы 3 минутқа дейінгі бейнеклип, макеттер, үлгілер, эскиздер және т.б. Әр командаға сөз сөйлеуге 5-7 минут және Сараптамалық кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап беруге 2 минут уақыт беріледі.

9.3 Конкурстың Сараптамалық кеңесі алдында жеңімпаздарды таңдау критерийлері:

- жобаның бизнес-жоспары (сату нарығының маркетингі, өнімнің немесе қызметтердің құны және жылжыту, стартапты жүзеге асырудың болжамды тәуекелдері);
- жобаның іске асыруға дайындығы;
- ұжымның ұйымдастырушылық әлеуеті, біліктілігі және тиімділігі.

## **10. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**

10.1 Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін оның құрамына жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің менеджері, Басқарма қызметкерлері, кафедра меңгерушілері, факультет декандары кіретін Конкурсты ұйымдастыру комитеті құрылады.

10.2 Конкурсты ұйымдастыру комитеті мыналарға уәкілетті:

- конкурсқа қатысушыларға конкурсты өткізуге байланысты туындаған барлық мәселелер бойынша кеңес беру;
- конкурстың Сараптамалық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру;
- сараптамалық кеңестің шешімдері туралы конкурсқа қатысушыларды хабардар етуге;
- конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастыруға қатысуға; (ұйымдастыру комитеті конкурстың сараптамалық кеңесінің шешімдеріне түсініктеме бермейді).

## **11. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС**

Конкурс жеңімпаздарын қарау және шешу үшін Сараптамалық кеңес құрылады. Сараптамалық кеңестің құрамына «ОҚМА» АҚ проректорлары, бас бухгалтер, құқықтық және әкімшілік қамтамасыз ету басқармасының

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 12 беті	

басшысы, жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің меңгерушісі мен менеджері кіреді. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жобалары, маркетинг және зияткерлік меншік саласының мамандары сараптамалық кеңес жұмысына тартылатын болады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 13 беті	

### Әзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің меңгерушісі	Д.Ғ.Болатова

### Тексерілді:

Лауазымы	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н. А.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

### Келісілді:

Лауазымы	Аты-жөні
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректоры	Н.Е.Аукенов
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У.Анартаева

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі «START-UP ОҚМА»Конкурсын өткізу туралы Ереже	Е 474-2026 3-ші басылым 14 беттің 14 беті	

## А ҚОСЫМШАСЫ

### «Start-Up ОҚМА» Жоба конкурсына қатысуға өтінім

1. Start-Up жобасының атауы: \_\_\_\_\_
2. Жобаның қысқаша сипаттамасы (еркін нысанда), 1500 таңбадан аспайды.
3. Жобаның бизнес моделінің қысқаша сипаттамасы (еркін нысанда), 1500 таңбадан аспайды.
4. Нәтижелердің қысқаша сипаттамасы (еркін түрде), 1500 таңбадан аспайды.
5. Команда қатысушыларының анкетасы.
6. Start-Up командасының қатысушылары туралы мәліметтер:

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Оқу-ғылым бөлімі	
Лауазымы	
Ғылыми дәреже (бар болса)	
Байланыс телефоны	
Электрондық почта	

7. Команданың топтық суреті.